

С.Дәулеткелдіұлы,
филология ғылымдарының кандидаты,
доцент,
Іле педагогикалық институты.
Құлжа/Қытай

“ҚОС ТІЛДІ ПРОЗА” ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖАЙЫНДА

Қос тілді әдеби шығармашылық әлем әдебиеті жөнінен алғанда, әрине жаңалық болудан қалған ұғым. Қос тілді шығармашылықтың әлем таныған алыптары Гарсия Маркес, Шыңғыс Айтматов қатарлылардың өз ұлтының

Тіл -жазуы және ойлау формасымен шектеліп қалмай, өзге озық ұлттардың өркеніет бұлағынан ғана сусындап, классик шығармаларды дүниеге әкеліп, ұлы тұлғаларға айналғаны баршаға аян . Алайда, Қытай Халық Республикасында жасайтын бір миллионның аз-ақ үстіндегі қазақ халқының бүгінгі дәуір әдебиетінің елеулы табыс нәтижелері жөнінен сөз болғанда, Қытай қазақтарының “қос тілді” проза шығармашылығын тілге тиек етпей оту әбестік саналар еді.

1940-жылдардың соңын ала жарияланған Нигымет Мыңжанидың «тұрмыс тылшысы» повесты, Дубек Шалғынбаевтың «кедей оқушының тағдыры» сияқты әңгімелері қытай қазақтары бүгінгі дәуір прозасының беташары есептеледі. 1966-жылдан 1976-жылға дейін жүрілген «мәдениет зор төңкерісінің» құйынды жылдары аяқталған соң, Қытай қазақтарының проза шығармашылығы тың серпіліс жасап, даму жолына қадам қойды. Қарт, орта жас және жас прозиктердің ортақ құлшынысында проза шығармашылығы сан және сапа жақтан бірдей толыса түсті. Проза шығармашылығында соны соқпақ іздеп, бөлек бөгенайын байқауға талпынған жазушылардың қатары көбейді. Прозиктер өз ұлты әдебиетінің тар шеңбері ішінде айналсоқтап қалмай, өзге өркендеген жұрттың бұл жағындағы артықшылықтарын қабылдай білді. Мұнда әсіресе қытай прозасының, совет қазақ прозасының ықпалы айрықша болды. Біз сөз еткелі отырған «қос тілді проза шығармашылығы» құбылысы қытай қазақтарының әдебиетінде осы барыста жарыққа шықты.

Қытай қазақтарында бастауынш мектептен, тіпті кейбіреулері бала бақшадан бастап қытай тіліндегі мектептерде оқып, қытай халқының тілі мен мәдениетіне бала жастарынан қанық бола бастаған бір ұрпақ жастар бар. Олардың бір сыпыралары қытай елінде «мәдениет зор төңкерісінің» қара бұлты сейіліп, сыртқа қарата қақпа айқара ашылып, ел ішінде түрлі салаларда реформа жаппай жүргізілген соңғы 20 неше жыл ішінде қытай тілінде жоғары мектеп тауысып, қоғамдық қызмет табалдырығын аттағандар. Олар бала күндерінен бастап өз ұлтының дарқан мәдениетінің уызына қанумен бірге, қытай мәдениетінің ықпалына терең ұшырап, екі ұлттың тіл-жазуына бірдей қанық болып, екі түрлі ойлау формасына әдеттеніп, өзгелерден кездесе бермейтін артықшылықты өз бойларына дарытқан. Осылардың қатарындағы жазушылық өнеріне әуестігі күшті бір бөлімдері біртіндеп әдеби шығармашылық жолына қадам қойып, екі ұлт әдебиетінің кәусар бұлағынан қанып ішіп, шығармашылықта тың үрдіске бет алып қытай қазақ прозасындағы оқшау құбылыс есептелетін “қос тілді” проза шығармашылығын жарыққа шығарды. Қытай әдебиеті жоғарыда айтылған тамаша тарихи жағдайда, өзінің қаламгер қосынының молдығына, аударма әдебиетінің ерте өркендеген абзалдылығына сүйеніп, көркем әдебиеті барынша өркендеген елдердің, көркем әдебиет шығармашылығында тың ізденістер жасау үстіндегі елдердің жылт еткен жаңалығын – көркем әдеби шығармаларын, әдебиет теориясына қатысты ең жаңа ғылыми еңбектерін өз тіліне көптеп аудару (тәржімалау) арқылы өз әдебиетін өсіп – өркендеудің биігіне жеткізуді әрқашан мықты игерді. Ал, біз жоғарыда сөз еткен қазақ қаламгерлері қытай әдебиетіндегі осы абзалдылықтан толық пайдаланды. Осы барыста көз жасампаздығында ізденіс жасаған. Олар өте-мөте қытай тілі арқылы қытай халқының ертедегі және бүгінгі озық проза шығармашылық үлгілерінен нәр алумен қатар, қытай тіліне

аударылған (тәржімаланған) әлем әдебиетіндегі үздік прозиктердің өзгеше жазу стил-өрнегіне барынша ден қойып, әлем әдебиетіндегі проза назариясындық тың көзқарас, жаңа ағымдардың ықпалына терең ұшырады. Сөйтіп, олардың проза шығармашылығы қытай қазақ әдебиетіндегі өзге прозиктердің шығармашылығынан алабөтен дараланып, озындық бітім-болмысын қалыптастырды. Қытай қазақтарының қос тілде (ана тілі мен қытай тілінде) шығармашылықпен шұғылданатын прозиктердің негізгі өкілдері Әкпар Мәжитұлы, Ғайша Тәбәрікқызы, Еркеш Құрманбекова қатарлылар. Олар проза шығармашылығында өзгелерге ұқсай бермейтін өзіндік ерекшеліктерін қалыптастырған.

Бірінші, өз ұлты мен қытай ұлты (қытай тілі арқылы қабылдаған ел іші- сыртындағы өзгеде ұлттардың өркениет жауһарлары тағы бар) мәдениетінің озық үлгілерінен мол нәр алған қос тілді прозиктердің ой өрісі, құн көзқарасы, өркениет танымы, білім құрылымы, өркениет психикасы біршама кемелді болды да, бұл олардың проза шығармашылықтарының кең өрісті болуын белгіледі. Олар өз абзалдылықтарына сүйеніп, қоғамдық өмір құбылыстарын зер сала бақылады, өзгелердің назарынан қағыс қалып отырған құбылыстарға көбірек шұқшиып, өз шығармаларының мол да құнарлы мазмұндарды бейнелеуіне, тасада қалып қойып жүрген сүбелі мазмұндарды көп қабатты, көп қырлы бейнелеу тәсілдерінен пайдаланып оқырмандарға жеткізулеріне жол ашты.

Екінші, тіл шексіз мүмкіндікке ие, ол адамның ішкі дүниесін нұрландыратын, өркениетке апаратын алтын кілт. Бір тілді артық білу адамның сезім мүшелерін сергектестіріп, үлкен мидың әрекет көлемін кеңейтеді. Біз сөз етіп отырған қос тілді прозиктер екі тілді қанық білу, екі түрлі ойлау формасы арқылы заттармен құбылыстарға тұжырым жасау сынды артықшылыққа ие болғандықтан нақты шығармашылық ізденіс барысында, көркемдік бейнелеу өрнек - үлгісі жағында ығи да тың, соны алаптарға жорық жасады. Қос тілге жеттіктік олардың анағұрлым мол ақпараттарды(информатсиаларды), әсіресе көркем әдебиеттің көркемдік бейнелеу әлемінде жарыққа шығып жатқан жаңа шығармашылық бейнелеу үлгілерін тезден қабылдап, өз шығармашылықтарында емін - еркін толғаныс жасауларына мүмкіндік алып берсе, ойлау формасы жағындағы басымдылық олардың образды ойдың әрекет көлемін үздіксіз кеңейтіп, логикалық ой-толғаныстың абзалдылықтарынан да игіліктеңіп, көркемдік бейнелеу басқышында, жинап-терген материалдарын үйлесімді кесіп-пішіп, кең ойланып, терең толғанып, шығарманың тұтас формалық жақтағы кемелділігіне қол жеткізулеріне көмегін тигізді. Сондықтан да олардың прозалық еңбектері мазмұндық жақтан тереңдікке, көркемдік жақта кемелділікке ие болып, көркемдік көкжиектері аса кең болды.

Үшінші, қытай қазақтарының қос тілді прозиктері ең әуелі өз ұлтын анасындай ардақтады. Өз ұлтының дәстүр-салтын, тарихын, ұлттық психикасын қанық білді. Олар екінші бір ұлт тілінің, мәдениетінің ықпалына терең ұшырағанымен, өз тегін ұмытпады. Олардың басты назарлары көбінде өз ұлтының дарқан мәдениетін, тағылымы күшты тарлан тарихын, ұлттық тамаша дәстүр-салтын, өркениет асылдарын, кемелді ұлттық психикасын шығармашылық әмәлияты барысында жарқырата көрсетуге, өзге туысқан ұлттарға танытуға көп ауып отырды. Осыған байланысты олардың шығармашылығынан қою ұлттық бояу, қанық ұлттық психика мен мұңдалап тұрды. Оның үстіне қытай тілінің мол мүмкіндігінен пайдаланған, сол тіл арқылы ойлау формасы жағында тіпті де көп абзалдылыққа қол жеткізген олар өз ұлтының өркениет үлгісіне тіпті де жіңішке назар салды. Ұлт өркениетінің өзге қандас туыстары бірден байқай қоймаған туыстарын қазбалай білді, ұлт өркениетінің күнгейі мен теріскейіндегі қалтарыс қатпарлары да олардың қырағы жанарларынан қағыс қалмады. Бастысы олар өзге ұлттың тұрғысында тұрып өз ұлтының тұтас ұлттық тұлғасына көз жіберетін мүмкіндікке ие болғандықтан, өзіміз байқай бермейтін тосын жәйлер, нәзік түйіндер олардың назар аясынан тысқары қалмады. Сөйтіп, олардың шығармашылығында бейнеленген ұлттық қасиет-құлықтарымыз, тіпті де жан-жақты, тіпті де аумақты, тіпті де нәзік болды.

Төменде осы прозиктердің шығармашылығымен танысып, шығармашылық жақтағы өзіндік бөгенай - белгілеріне қысқаша тоқталамыз.

- **Әкпар Мәжитұлы** 1954-жылы Шинжаңның Қорғас ауданында дүниеге келген. Қытай тілінде Ланжоу университетінен оқу бітіргеннен кейін(тауысқасын) Пекиндегі Қытай Республикалық жазушылар одағының «Ұлттар әдебиеті» журналында редактор, бас редактордың тұрақты орынбасары, Қытай жазушылар одағы ұлттар әдебиеті қызмет басқармасының бастығы қатарлы міндеттерді арқалаған. Қазыр Қытай Халық Республикасы жазушылар баспа тобы бас директорының орынбасары, аға редактор. Әкпар прозада көбінде әңгіме жазумен айналысып келеді, тырнақ алды туындысы 1979-жылы жарық көрген «Нұрман қарт және оның тазысы» атты әңгімесі. Бұл шығарма жариялана салысымен бүкіл Қытай Халық Республикасының әдебиет шебінде үлкен аңыс қозғады әрі сол жылы бүкіл Республикалық “үздік әңгіме” сыйлығын еншіледі. Осыдан соң Әкпардың «Қайран онбес жастағы Халида-ай», «Опық», «Ақсақ құлан», «Шырғалаң», «Қабыр көшіруші», «Жаңа сұрғылт ғимараттар», «Жүрдек сынтас» қатарлы көптеген әңгімелері жарияланды. Мұның бір сыпырасы ұйғыр, корей, жапон, неміс, болгар тілдеріне аударылып жарияланды. Қытайдың әйгілі жазушылары, сыншы-зертгермендері де Әкпар шығармашылығына жоғары бағалар берді. Әкпар шығармалары көбінесе өз ұлтының тамаша ұлттық бітімін, рухани әлемін, ұлт психикасындағы ғажайып сұлулықты жарқырата көрсетуді басты арқау етеді. Соған байланысты оның шығармалары мейлі шығармаға тақырып қою, кейіпкер характерін сомдау, шығарма құрылымын орналастыру және тіл саптау жағынан болсын түгелдей байсалды позиция ұстанып, тереңге бойлауды, сұлулыққа талпынуды мақсат тұтады. Жазушы дәстүрлі шеңбер ішінде қалып қоймай, бейнелеу ікімі жағында әрқашан тыңнан ізденістер жасады. Ең әуелі өмір құбылыстарына кеңінен зер салып, тартымды тақырып таба білді. Онан басты күшін кейіпкер характерін жан-жақтылы сомдауға, кейіпкерді шынайы адам-ұлттың мәлім топтағы адамдарының нағыз өкілі ретінде майданға шығаруға салып, осы әредікте өзгеше ұлттық психиканы, бөгенайы бөлек ұлттық дәстүр-салтты, сондай-ақ бүгінгі күндегі дәстүрлі мәдениет пен осы заманғы өркениет факторлары арасындағы жалғастық пен қайшылықтарды нанымды бейнелеп берді. Осының барлығында автор оқырманын төрткүл дүниедегі түрлі құбылыстар жөнінде ішкерлей ойлануға жетелейтін астарлы бейнелеу тәсілін қолданады. «Жаңа сұрғылт ғимараттар» атты әңгімеде мен мұндалап тұратын оқиға желісінің қарасын байқай алмайсыз, шығармада негізінен ішкі дүние суреті басты орында тұрады. Шығармадан біралуан жасылы кеміп, жарақаттанған ортаның келешегіне болған алаңдаушылық, беймаздық, күдік-күмән және үміт-тілек байқалады. Ауасы тұнық, тынысы кең ауылда өсіп – ержетіп оқу және қызмет бабымен қалаға келген Сәлидің көңіл – күй суретінен кіршіксіз адалдықты, даладай дарқан кең пейілді, қоғамдық орта мен жаратылыстық ортаның тазалығын көз қарашығындай аялайтын, сұлулықты жан- тәнімен сүйетін ұлттық психиканың тұтас тұлғасы көрінеді. Шығармада автор жасыл жәйлауды, қаланың биікке бой созған ғимараттарын және сол зәулім ғимараттардың тасасынан зорға көрінетін, ыс-түтекке толған қаланың аспанын және осы көріністерге сай әлем тапырық болып өзгеріп тұрған кейіпкер жан-дүниесін зер сала суреттейді. Әсіресе күннің ұясынан көтерілген суреті мен ұясына қайтқан суреті тіпті де көп суреттеледі. Автор бас кейіпкер Сәлидің ішкі дүниесіндегі өз туған жерінің күні мен қала аспанындағы күнның бейнесін, қаланың нұрсыз, зорға жылтыраған күні мен Сәлидің туған жеріндегі ауыл маңын нұрға бөлеп, шүлен шұғыласын аямай төгетін, көкжиекті қызыл шапақ нұрға бөлеп қимай бататын күннің парқын бейнелеу орайында шығармада ортаға қоймақ болып отырған өзекті идеясын аңғартады. Шығармадағы «күн» әмәлиятта көркем арман - мұрат ретінде, бас кейіпкер талпынып отырған тамаша бір тұрмыс ортасы ретінде көрінеді. Автордың үміт - тілегінің де күәсындай болып жарқырайды.

Ғайша Тәбәрікқызы - Қытай қазақтарына танымал жазушы, талантты аудармашы. Ғайша 1975- жылы Шыңжаңның Санжы облысына қарасты Құтыби ауданында өмір есігін ашқан. Қытай тілінде әдебиет курсын тәмамдаған. Облыстық үкіметте аудармашы болып ұзақ жыл істеген. Жазушы әдеби шығармашылық табалдырығын 1981-жылы жарық көрген «Балалық шақ елестері» атты шалқымасымен ашқан. Сонан былайғы жерде әдеби шығармашылық пен көркем аударма шебінде қатар еңбектенген оның бір сыпыра әңгіме, повест және шалқымалары жарық көрді. Қазақ қаламгерлерінен аудармалаған қыруар

прозалық және поэзиялық еңбектері (Қазақстанның Мұқағали Мақатаев, Мұхтар Шаханов сынды ақындарының таңдаулы шығармалары да бар) қытай тілінде жарық көріп, қытай оқырмандарының ыстық ықыласына бөленді. Ғайшаның өкілдік сипатты шығармасы «Аруағым адамдар арасында», «Аруағым жасыл жәйлауда», «Аруағым қара жер бетінде» делінетін желілес повесттері. Ғайша Тәбәрікқызы өмір құбылыстарын әйелге тән нәзік қырағылықпен күзете білетін, әсіресе ұлттық дәстүр – салтымыздағы озықтық пен тозықтыққа қарата айқын көзқарас ұстанған ойламы терең жазушы. Оның шығармаларының тақырыбы көбінде ұлттық дәстүр- салттың бүгінгі жаңа замандағы жай - күйіне талдау жасау, адамдардың ол жөніндегі таным - нанымын жіңішкелікпен бейнелеу және оған өз байлам – бағасын білдіру үстіне құрылады. Сонан кейіпкерлерінің ішкі жан дүние бұлқынысы арқылы көненің көзіндей болған ұлттық дәстүр - салт жөнінде адамдар арасында өмір сүріп отырған қым - қуыт күрделі психикалық күйді шынайы кескіндеп береді. Автор «аруағым адамдар арасында» повестінде қазақ халқының өркениет танымын, дәстүрлі мәдениет пен мәдениеттің бұрылыс дәуірінде халқымыз санасында жарыққа шыққан түрлі өзгерістерді зер сала суреттейді. Шығармада автор өмірден көшкен «мен» және оның қызы, күйеу баласы, ағасының қызы, «меннің» көзі тірісіндегі көңілде әйелі қатарлылардың көркем образын жаратып, дәстүрлі таным мен осызамандық идея қайшылықтасқан шешуші сәттегі халқымыздың тіршілік тынысы мен дүние қарасын айқын әрі жанды бейнелейді. Әлде қашан өмірден «менді» адамдар арасына қайта әкеліп, оның көзімен реал тұрмыстағы көптеген келеңсіз жәйттердің бетін ашып, қоғамдық даму үрдісінде ұлттық психикада туылған өзгерістерді айна- қатесіз аңғартып, ұлттық дәстүр- салтты замана қажетіне сай жаңғыртып, жаңартып отырудың қажеттілігін ортаға қояды. Адамдардың құн көзқарасында, таным беталысында жаңа заттар мен құбылыстар жөнінен тың ойланулар жарыққа шығып отырған жағдайда, ұлттық дәстүр-салттағы кейбір дәуір қажетіне сәйкеспейтін мазмұндарда қатыспеніп алудың ұлт өркениетіне тұсау болудан өзге пайдасы жоқтығын көрсетеді. Шығармада өзі бала күнінен өзге ұлт тілінде оқып білім алып, қалалы жерде өсіп-ержетседе ұлттық дәстүр-салттың озығы мен тозығын жыға танып, қандастарына дұрыс бағдар сілтей білген оқыған зиялы қыз - «меннің» ағасының қызының образы өте сәтті жасалған.

Еркеш Құрманбекова 1962 -жылы Шыңжаңның Алтай өңірінде дүниесі ашқан. Пекиндегі орталық ұлттар институтының қытай әдебиеті кәсібінен оқу тауысқан соң Шыңжаң әдебиет-көркемөнер бірлестігі жағынан шығарылатын «ұлттық жазушылар» журналында редактор, бас редактордың орынбасары міндеттерін атқарған. Қазір бірлестіктің шығармашылық зерттеу басқармасының бастығы болып жұмыс жүргізеді.

Еркеш 1985-жылы жарық көрген «Ертіс сыңғыры» атты әңгімесімен көркем әдебиет шебіне кірген. Сонан бермен «Әншейін тауып алған әңгіме», «Өлмейтін қой», «Ызғардан алыстау», «Кіндік шеше», «Қарт әже», «ескі қабыр» қатарлы әңгіме, шалқымаларын жариялап, оқырмандары мен әдебиет зерттермендерін елеңдетті. Сонымен қатар көркем әдеби аударма айдынында да талықпай жүзіп, Қытай және Қазақстан қазақтарынан бір бөлім қаламгерлердің таңдаулы шығармаларын Қытай оқырмандарына аударып таныстырды. Шығармашылықта табысқа жеткен әйел жазушылардың көбі-ақ шығармашылық ізденіс барысында өздерінің жыныстық айырмашылығына көп бас қатырып жатпайды. Өздерінің жыныстық айырмашылығын дәріптеуді де қаламайды әрі бұған бола өздерін қат-қабат шеңбер ішіне қамап алудан тіпті де аулақ болады. Алайда, олардың шығармаларынан табиғи түрде мейір-махаббаттың самалы есіп, тіршілік иелеріне, өзі туып-өскен ортаға және өскелең адамгершілікке деген терең сүйіспеншілік менмұндалап тұрады. Еркеш шығармаларынан да бұл жәйтті анық аңғаруға болады. Жазушының тұла бойы тұңғыш туындысы әрі оны жалпақ жұртқа кеңінен танытқан шығармасы «Ертіс сыңғыры» кісіге жайдары жарқындығымен, тарлан даланың, тамаша дәстүр-салттың күәсіндей болған қормал қарт әженің образын тартымды сомдағандығымен ұнайды. Шығармаға қарт әже мен оның мынау жарық жалғанға тас қараңғы соқыр күйінде келген немересі арқау болады. Неше ұрпақтар бойы жағасында жасап келе жатқан халықтың қормал анасындай болған Ертіс өзенін, жәзиралы жасыл әлемді, күнәсіз сүйкімді сәби немересін жанына балайтын қарт әже осынау асыл мекенде немересін

бағып-қағып, сахараның сал-серісі етіп ержеткізуді ойлайды. Немересі ержеткен соң оны үйлеп, қызығын көріп, Ертіс өзенінің бойында, сайын сахарада қам – қайғысыз тіршілік ететін күйге жеткізуді мақсат тұтады. Өстіп жүргенде қарт әженің шырын қиялын қаладағы ұлының сәлемі бұзып жібереді. Ұлы қарт әженің немересін (өз баласын) қалаға апарып, қаладағы соқырлар мектебіне бермек ойда еді. Сойтіп, қарт әженің ой-санасын бір алуан алаңдаушылық сезім билеп алады. Ақыры жұбайының ақылымен немересін қалаға жіберуге көнеді. Шығармада автор қарт әженің ішкі жан әлемін зейін қоя суреттейді. Оның дәриядай көл көңілі, күндей мейірін ұрпақтарына аямай төккен ақпейіл қормалдығы, соңында замана ыңғылына бағып, немересінің жолына тосалғы болмаған, «Қыранның томағасын алмасаң, ол қашан да көкке өрлеп ұша алмайды, жасырынған аң-құсты да көрмейді» деген байламға келген жәй-күйін түгел дерлік ішкі жан дүние суреті арқылы береді. Сөйтіп, ұрпағының келешек бақытын бәрінен жоғары бағалайтын даңғыл көкірек дана қарттың өскелең образын сәтті сомдайды. Шығармада көркем тәбиғат дүниесінің алмағайып суретімен үндесе қабысқан қарт әженің ішкі жан дүние суреті жазушының шынайы суреткерге тән қаламгерлік талантын толық әйгілейді.

Қысқасы, екі ененің уызына бірдей қанып, өркендеген қытай әдебиеті арқылы шығармашылық кеңістіктерін мейілінше кеңіте түскен қытай қазақтарының «қос тілді» прозиктері шығармашылықта тамаша табыстарға жетті, әрі мұнан былайғы шығармашылық сапарларына берік негіз қалады. Дей тұрғанмен олардың ана тілі мен ата мәдениетінің қатпары қалың тарихына, шұңқет иірімдеріне әлі де терең бойлай алмай отырғандығы, бұл жағында өз ана тілінде шығармашылықпен шұғылданатын қаламгерлерге салыстырғанда айта қалысын кеміс жақтары кісіні алаңдатады. Бұл олардың өз бойларындағы көмескі абзалдылықты ойдағыдай сәулелендірулеріне әрине оралғы болары сөзсіз. Сондықтан олар бұл жағында көп тырысшаңдықтар көрсетіп, тиімді әдіс-шаралар арқылы өз бостықтарының орнын толтырулары керек - ақ!

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ:

1. Шарыпқан Абдалиұлы: Қазақ әдебиетінің шеп бұзу назариясы, Шынжаң халық баспасы, 2000. 132-139-бб
2. Бексұлтан Касейұлы қатарлылар: Қазақ әдебиетінің тарихы, Шынжаң халық баспасы, 2005. 615- бет
3. Қаусылқан Қамажанұлы: Қытай осы заман қазақ әдебиеті, Шынжаң халық баспасы, 2006. 12-13-бб
4. Жақып Мырзақанов қатарлылар: Қазақ мәдениетінің айдыны, Шынжаң халық баспасы, 2001. 248- бет
5. Серікбол Дәулеткелдіұлы: Осы заманғы Қытай қазақ әдебиеті қаламгерлер сөздігі, Шынжаң халық баспасы, 2003. 43-111-186 бб
6. Ша Гуанжоң қатарлылар: Шынжаң осы заманғы ұлттар әдебиетінің тарихы, Шынжаң халық баспасы, 2006. 365 -373 бб
7. Хы Юаншу қатарлылар: Қазақ әдебиеті туралы зерттеулер, Шынжаң халық баспасы, 2006. 196-бет
8. У Шауың қатарлылар: 20- ғасырдағы Қытай қазақ әдебиеті, Шынжаң халық баспасы, 2006. 230-255-256 бб.

Резюме

В данной статье рассмотрена двуязычная проза в казахской литературе Китая и изучается их произведение.

Resume

In this article is given the surveys on the bilingual prose in kazakh literature and bilingual prose writers in order to get their nowadays conditions. Also the achievements and disadvantages is considered.

Özet

Bu makalede Çin Kazakları edebiyatındaki çift dilli nesir yazılarının genel gidişatı ve çift dilli nesir yazarlarının edebi kişilikleri üzerinde durulmuştur. Bunun yanı sıra bu alandaki başarılar ile eksik kalan yönler saptanıp incelenmiştir.